

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

**Кітапхана меңгерушісі
Г.Сариеваның
2024-2025 оқу жылындағы I жарты
жылдығында атқарған
жұмыстарының есебі**

2024- 2025 оқу жылы

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мектеп кітапханашысы
Г.Сариеваның 2024 – 2025 оқу жылының I жартыжылдығында атқарған
жұмыстарының есебі**

Оқушылардың кітаппен қамтылуы: 100%

1,2,3,4 сынып оқушылары оқулықпен толықтай қамтылды.

Жаңадан келген оқулықтар:

3 – сыныптарға: бейнелеу өнері, еңбекке баулу, орыс тілі, цифрлық сауаттылық, жаратылыстану, ағылшын тілі, әдістемелік нұсқаулықтарымен.

Баспасы – Алматы кітап, НИШ, Oxford University press

Жалпы: 1045 оқулық қабылданды.

Оқулықтан бөлек – 45 көркем әдеби кітаптар қабылданды. Жалпы кітапхана қорында 2024-2025 оқу жылында 13406 кітап бар. Тоқсан сайын «Таза кітап» атты оқулықтарды тексеру рейді жүріп тұрады.

I жарты жылдықта баспасөзге жазылу толықтай жүргізілді. Оның ішінде: шарайна- 54, болашақ -26, өскен өңір – 13, оңтүстік қазақстан - 15, егемен қазақстан-3, айғақ – 2, тұран түркістан -1.

Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы «Кітапхан» кітап оқыту әдісі жобасына мектебімізден 2 педагог және 3-4 сынып оқушылары тіркелді. Әлі де тіркелу жүріп жатыр.

Жоспар бойынша атқарылған іс – шаралар: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5 қыркүйек тілдер күніне орай, XX ғасырдағы қазақ әдебитінің көрнекті өкілдері Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Сейфуллиннің туғанына -130 жыл, «Рәміздерім - мақтанышым», Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта күні, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекелеріне орай мектеп кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. 2-4 сынып оқушылары көрмемен таныстырылды.

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу мақсатында 1- сынып оқушылары кітапханаға саяхат жасап, таныстырылды.

Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру болашаққа өз үлесін қоса білетін ізденімпаз ұрпақ, оқыған кітаптарын талдай отырып, рухани тәлім- тәрбиелеу, кітап оқуға баулу мақсатында 2-4 сынып оқушылары арасында кітап оқу сайысы өтілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қысқы демалыста Қазақстан балалары – қысқы ғажайып» жоспары бойынша 3-4 сынып оқушыларымен ертегі кейіпкерлерінің суретін салу және «Ертегілер елінде» тақырыбында іс – шара өткізілді.

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

**Кітапхана меңгерушісі
Г.Сариеваның
2024-2025 оқу жылындағы ІІ жарты
жылдығында атқарған
жұмыстарының есебі**

2024- 2025 оқу жылы

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің мектеп
кітапханашысы Г.Сариеваның 2024 – 2025 оқу
жылының II жартыжылдығында атқарған
жұмыстарының есебі**

II жарты жылдықта баспасөзге жазылу толықтай жүргізілді.
Оның ішінде атап айтар болсақ: шарайна- 68, болашақ -8, өскен
өңір – 10, оңтүстік қазақстан -5, егемен қазақстан-5, мектеп
журналы – 5, мархабат журналы -2, бекет – 3, өзге пікір – 2.
Барлығы 108 басылым болды. Педагогтер мен кіші қызметкерлер
баспа мәліметімен таныстырылып, қол қойдырылды. Ақысы мамыр
айының жалақысынан жиналып есебі тапсырылды.

2025-2026 оқу жылына 4- сынып мұғалімдерінің таңдауымен, дауыс
беруімен төмендегі оқулықтар жаңа оқу жылында ұсынылатын
болады.

Олар: еңбекке баулу

Бейнелеу өнері

Цифрлық сауаттылық

Орыс тілі

Ағылшын тілі.

Жалпы 2024-2025 оқу жылында кітапханаға тіркелген оқырман
оқушылар саны – 333

2- сыныптардан – 72 оқырман

3- сыныптардан – 118 оқырман

4- сыныптардан – 102 оқырмандар тіркелді.

Ал мұғалімдерден – 53 педагог тіркелді.

Ақпараттық кеңістіктегі кітапхананың даму үрдісі бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бірқатар іс – шаралар жүзеге асырылды. Атап айтар болсақ: 12 сәуірде «Ғарышкерлер күніне» орай «Ғарышқа ізін салған қыран қазақ» Т.Әубәкіров туралы кітаптар мен мәліметтерден көрме жасалды. Көрмеге 2-4 сынып оқушылары қатысты. Көрменің мақсаты: балалардың ғарыш әлеміне деген қызығушылығын қалыптастырып, ғарышкерлерге құрмет сезімін арттыру.

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Достығымыз жарасқан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: балаларға қазақ халқының кең пейілділігін, өзге ұлтқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін көрсету. Оқушыларды елін, жерін сүйуге, халқын құрметтеуге тәрбиелеу және басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет – ғұрпын сыйлауға үйрету.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мектеп кітапханасында «Бейбіт күн жасасын» атты көрме ұйымдастырылды. Оқушылар Жеңіс күніне арналған өлеңдер оқып, көрмемен танысты. 1-4 сыныптардың қатысуымен кітап көрмесі, библиографиялық шолу болып өтті. Мақсаты: балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.